АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

23.02.2024 ж. №450

«ТАЛАПКЕР АҚТӨБЕ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫНА БЕРІЛГЕН ЖЕР УЧАСКЕСІН МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫ БАСТАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 18, 84, 85, 88-баптарына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413 «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6-бөліміне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37-баптарына сәйкес «Ақтөбе облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ-нің, «Ақтөбе қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нің, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің өтініштері негізінде қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Талапкер Ақтөбе» қоғамдық қорының Ақтөбе қаласы Алматы ауданы Қызылжар тұрғын массиві, Центральная көшесі, №7 «Б» учаске мекенжайындағы көлемі 1597 шаршы метр «Қызылжар орта мектебі» мемлекеттік мекемесін орналастыру және қызмет көрсету үшін уақытша өтеулі жер пайдалану құқығындағы жер учаскесін (кадастрлық нөмірі 02-036-176-4312) мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

Жоғарыда көрсетілген жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі – 2024 жыл.

Келісім рәсімдерін жүргізу «Ақтөбе қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ-не жүктелсін.

Жолығу мекенжайы: «Ақтөбе қалалық жер қатынастары бөлімі» ММ Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 2, 48-кабинет.

«Ақтөбе қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жоғарыда көрсетілген жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға бюджеттен қаржы қарастырсын.

«Ақтөбе қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ заңмен белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын тиісті шаралар қабылдасын, соның ішінде қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде осы қаулыны бұқаралық ақпарат құрылдарында жарияласын.

Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары С.А.Аманчинге жүктелсін.

Ақтөбе қаласы әкімі А.БЕКЕТ.

Көрермен

ТАРИХИ КӨРІНІС — ТЕАТР САХНАСЫНДА

Жақында Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театр актерлерінің сомдауымен «Әбілқайыр хан» спектаклін көруге бардым.

Кіші жүздің ханы Әбілқайыр тұлғасының қазақ тарихынан алған орны ерекше. Ірі мемлекет қайраткері, қолбасшы, мәмілегер Әбілқайыр хан — Шыңғыс хан әулетінің кіші буыны Өсекенің (Үсек) ұрпағы. Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін Әбілқайыр қазақ елінің бас хандығына таласқа түседі. Мұрагерлік жолмен Тәукеннің ұлы Болат таққа отырған соң өзінің күшімен, ақылымен, айласымен, шабуылды ұйымдастыра білетін әскери қолбасшылығымен, батырлығымен, саясаткерлігімен танылып, Кіші жүзге хан сайланған.

Таққа отырғанға дейін Әбілқайыр 1723 жылы Еділ қалмақтарына соққы беріп, олардың жоңғарларын бірігуіне кедергі жасайды. Одан соң жоңғарларды жеңіп, қазаққа Түркістанды қайтарып алып береді. Мұндай батырлық иесіне, соғысты ұйымдастыра білетін шебер қолбасшылық қабілетіне халықтың сенімі артып, 1726 жылғы құрылтайда Әбілқайырды жоңғарларға қарсы бастайтын бүкіл қазақ әскерінің бас қолбасшысы етеді. Әбілқайырдың басшылығымен қазақтар жоңғарларды қазақ топырағынан қуып, жерін азат етті. Бұдан басқа Қазақстандағы тарихи жағдайлардың көпшілігі Әбілқайыр хан есімімен тығыз байланысты. 1729 жылы Аңырақайдағы ойраттарды талқандаған соғыста әскерді үйлестірген де Әбілқайыр. Бұл қазақтардың, Қазақ хандығының, қуатты екенін көрші елдерге паш еткен ірі жеңіс болатын.

Тарихтан сыр шертетін «Әбілқайыр хан» спектаклін тамашалаған ақпанның алғашқы күндерінің бірінде осы деректер санама орала берді. Облыстық драма театры сахнасында қазақтың тарихы көрініс беріп, Әбілқайырдың тұлғасын шынайы таныған күн болды.

Құралай ҚАЙБОЛДИНОВА,
№69 орта мектеп
директорының орынбасары.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ 90-71-55
aktobesmi.mail.ru

Мектеп

ШЕБЕР КЛАСС — КӘСІБИ ЖЕТІЛУДІҢ БІР БАҒЫТЫ

Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназияда білім сапасын арттыруда көптеген жетістікке қол жеткізіп, озық педагогикалық іс-тәжірибелері облыс көлемінде танылып жүрген креативті ұстаздарымыз бар.

Солардың бір тобы Ақтөбе қалалық білім бөлімінің бұйрығымен ашылған шебер класс авторлары ретінде танылып отыр. Олардың қатарында тәжірибелі ұстаздарымыз Айымгүл Жолманова, Ботакөз Нүкісова, Ақмарал Сәрсембаева, Серікгүл Қыстаубаева, Гүлшат Жантуриналар бар.

Аталған шебер кластың мақсаты — кәсіби аудиторияға арнайы таңдалған тақырыпта белгілі бір сала бойынша терең теориялық дәріс беру, кеңейтілген практикалық бағытта сабақ көрсету, яғни көпжылдық шығармашылық пен зерттеу қызметінің жемісімен бөлісу.

Жоспарға сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті, биология, математика пәндері және бастауыш сыныптардың шебер класс көшбасшылары қала бойынша бекітілген шебер класс мүшелерімен кезекті отырыстарын өткізіп, жүйелі жұмыстанып, ұдайы кері байланыс орнатып отырады. Мақсатты үй тапсырмаларын орындайды, өзекті мәселелерді талқылап, бірлесе шешеді. Жыл соңында қорытынды жасалады.

Педагогтің іс-әрекеті көбіне оның кәсіби шеберлігінің кеңістігіне қатысты, педагогикалық қарым-қатынас механизмдеріне байланысты болады.

Тұлғалық даму нәтижесінде әрбір педагог маман шығармашылық дағдылары мен мүмкіндіктерінің арқасында жетіктікке қол жеткізіп, еңбек сапасын арттыруға және сақтауға ықыласты болады. Қорыта айтсақ, кәсіби маман болып қалу үшін ұстаз үнемі кәсіби ізденісте болуы қажет.

Д.МҰХАНБЕДИЯРОВА,
Ғ.Ақтаев атындағы
№6 мектеп-гимназиясы
директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары.
Ақтөбе қаласы.

«Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» ММ «Ғ.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясы» МКҚК директорының бос лауазымына конкурс жариялайды

Орналасқан орны: 030010, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40-үй, 636-бөлме. Анықтама үшін телефон: 8(7132) 54-87-27. «Ғ.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясы» МКҚК.

Лауазымдық міндеттері:

Концерттік ұйымының (бұдан әрі – Ұйым) шығармашылық, өндірістік, шаруашылық және қаржылық қызметіне басшылық етеді;

мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

Ұйым қызметінің саясаты мен стратегиясын белгілейді;

қаржылық және материалдық қамтамасыз етуді, күнтізбелік және ұзақ мерзімді репертуарлық жоспарларды әзірлеуді, репертуарды жалға беруді (прокат), жаңа және қайта қойылатын қойылымдарды (спектакльдер, концерттер) шығаруды ұйымдастырады;

қойылымдық топтар мен орындаушылардың құрамын, безендіру эскиздерін және макеттерін, жаңа және қайта қойылатын қойылымдардың (спектакльдер, концерттер) жұмыс жоспарлары мен кестелерін бекітеді;

облыстық деңгейде сауықтық мәдени-бұқаралық және мәдениет саласында әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар өткізуді жүзеге асырады;

көркемдігі жоғары концерттік бағдарламалар әзірлейді, дәстүрлі музыкалық шығармаларды сақтау мақсатында концерттік шараларды жүзеге асырады, тарату, өткізу және театрландырылған музыкалық қойылымдарды жасайды, сондай-ақ отандық және әлемдік музыкалық өнердің үздік үлгідегі туындылары арқылы облыс тұрғындарын рухани, эстетикалық және патриоттық тәрбиелеуге бағытталған мәдени және шығармашылық қызметтерді жүзеге асырады;

концерттерді ұйымдастыру және өткізу (халықтық, симфониялық, камералық, классикалық, академиялық, фольклорлық, дәстүрлі, вокалдық, эстрадалық, жеке), әдеби-музыкалық кештерді, лекция-концерттерді, конкурстарды, фестивальдерді, балалар шығармашылығының конкурс-фестивальдерін өткізу, оның ішінде әзіл және сатира жанрында музыкалық спектакльдерді қою және көрсету.

Ұйымды білікті мамандармен қамтамасыз ету және олардың кәсіби білімдері мен тәжірибелерін дамыту, еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

директор орынбасарларына, шығармашылық, өндірістік бөлімшелердің басшыларына және Ұйымның лауазымдық тұлғаларына жұмыстың жеке бағыттарын бөледі;

шарттарды және мәмілелерді жасайды, қажетті есептіліктердің ұсынылуын қамтамасыз етеді;

Ұйым қызметкерлерімен еңбек шарттарын жасасады және бұзады;

бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда және ұйымдарда Ұйымның мүддесіне өкілдік етеді;

еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

Білуге тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын;

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін;

«Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі;

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы»,

«Мәдениет туралы»,

«Мемлекеттік мүлік туралы»,

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»,

«Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы №ҚР ДСМ-223/2020 бұйрығымен (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21721 болып тіркелген) бекітілген Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын (бұдан әрі – Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидалары);

ішкі еңбек тәртіптемесінің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібін.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім, тілдер мен әдебиет бойынша) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

жұмыс өтілі:

1) республикалық, облыстық маңызы бар, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалардың, астананың концерттік ұйымдары үшін:

мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе «Шетелде кадрлар даярлау бойынша республикалық комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы №470 Жарлығына сәйкес Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның жұмыс органы (бұдан әрі – Жұмыс орган) бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім, тілдер мен әдебиет бойынша) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 4 жылдан кем емес;

Конкурсқа мынадай тұлғалар қабылданбайды:

1) он сегіз жасқа толмаған;

2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасаған;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар қажетті құжаттарды конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымдарында (газет) соңғы жарияланған күнінен бастап 15 күнтізбелік күні ішінде «Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» ММ-не тапсырады:

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;

3) автобиография;

4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;

6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21579 болып тіркелген) бекітілген «Медициналық анықтама» (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды) №075/е нысаны бойынша анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.с) бере алады.

Конкурс өтетін орын: Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40, №636 кабинет.

Көрсетілген барлық құжат болған жағдайда, сондай-ақ тұлға осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген кезде комиссия құжаттар қабылдау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде құжаттар тапсырған тұлғаны конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдайды. Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімі комиссия хаттамасымен бекітіледі.

Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімі бекітілгеннен кейін комиссия конкурсқа қатысушылар ұсынған құжаттарды зерделейді және күнтізбелік он күн ішінде конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу өткізеді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының конкурстық комиссиясы.

ГАЗЕТТІ БІЗДІҢ САЙТЫМЫЗДА ОҚЫҢЫЗ
www.aktobegazeti.kz

«КазНефтеГазПроект» ЖШС

8.04.2024 ж. сағат 15.00-де Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Желтау а.о., Шәмші Қалдаяқов а., Балықшылар к-сі, 13 мекенжайы бойынша Қарғалы учаскесіндегі барлау жұмыстарының жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп» және «КазНефтеГазПроект» ЖШС келісімшарттық аумағының Қарғалы учаскесінде ЖТНӘ-2Д далалық сейсмикалық зерттеулерді жүзеге асырудың техникалық жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп» жобалары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Қарғалы учаскесінің орналасу координаттары — 50°37'20.4 СЕ;57°23'04.7 ШБ.

ZOOM платформасында бейнеконференц-байланыс арқылы онлайн қосылу үшін сілтеме бойынша өту қажет:

https://us04web.zoom.us/j/4956166428?pwd=PCcCrwZADCkXOPioI4rW7ao0BCARZa.1

Жеке конференция нөмірі: 495 616 6428.

Кіру коды: 1234567.

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87029899921 телефонына хабарласуға болады.

Тапсырыс беруші: «КазНефтеГазПроект» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қ. Медеу ауданы, Митин көшесі, №4 үй, 302-пәтер, БСН: 080640010528, тел.: 8-702-419-0246, ekulumbetov@mail.ru .

Жобаны әзірлеушілер:

- «СМАРТ Инжиниринг» ЖШС, Алматы қ., Чайкина к-сі, 1\1, БСН 060340007305, электронды пошта: obzh_ainig@mail.ru; тел.: 87767228669;

- «Азимут Энерджи Сервисез» АҚ, Алматы қ., Атырау шағын ауданы, 3-үй, телефон: (87272) 59-66-66. БСН 960440000548.

Жоспарланған шаралар туралы қосымша ақпарат алу үшін электронды пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: info@smart-eng.kz , 87019575175.

Жергілікті атқарушы органның электронды мекенжайы және пошталық мекенжайы:

Жергілікті атқарушы орган: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекенжайы: 030010, Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40, электронды мекенжайы: expert_oos@mail.ru, тел.: 8 (7132) 55-26-28.

Жоба бойынша құжаттама бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz/ және жергілікті атқарушы органның (ЖАО) ресми интернет-ресурсында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей электронды мекенжай бойынша қабылданады: expert_oos@mail.ru және сайтта: https://ecoportal.kz/.

Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Меншік иесі: «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

Газет «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор
Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары
Айгүл НҰРКЕЕВА

Бас редактор
Сәтжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №KZ70VPY00061916 куәлігі берілген.

Бас редактордың орынбасары
Мейрамгүл САТАЕВА

Жауапты хатшы
Мұратбек ЕРЖАҚЫПОВ

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Данагүл ҚАЗИХАН,
90-71-64

Тілшілер
Ақерке САТЫБАЛДЫ,
Ақмарал МҰҚАШЕВА

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Айбек ТАСҚАЛИЕВ, 90-71-64

Тілшілер
Нұрмұханбет ДИЯРОВ,
Арайлым НҰРБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37

Тілшілер Индира ӨТЕМІС,
Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Фототілші Хайреден РАУШАНОВ

Беттеушілер
Динара САНГУЛОВА,
Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА

Теруші Гүлмара АЙНАЗАРОВА

Корректорлар
Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА,
Ақбота АҚДӘУЛЕТОВА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67
Жарнама бөлімі 90-71-55

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды

Мекенжайымыз: 030007, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау бөлмесі: 90-71-61.

Сайт: www.aqtobegazeti.kz
E-mail: aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 14503 Тапсырыс №270

Нөмірдің кезекші редакторы
Данагүл Қазихан